

Бекітемін: Тәрбие ісінің меңгерушісі:		
Күні:	17.01.2025ж	
Өткізген:	Думанова Д.Д	
Сынып: 9 «А»	Қатысушылар саны: 26	Қатыспағандар саны: 1
Сабақтың тақырыбы:	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» «Күмәнді жағдайларда еліктіруді қалай женуге және дұрыс таңдау жасауға болады?»	
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы түсінік беріп, адалдық, әділеттілік және жауапкершілік құндылықтарын бойларына сіңіру.	
Құндылықтарды дарыту	Қоғамдық тәртіпке, заңға бағыну және шынайы ақпарат тарату мәдениетін үйрету.	
Сабақтың барысы:		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас- тыру бөлімі (5 минут)	1- Амандасу, сыныптың психологиялық ахуалын қалыптастыру. 2- Сабақтың тақырыбын, мақсатын түсіндіру. 3- «Адалдық деген не?» сұрағы арқылы оқушылардың бастапқы ойларын анықтау.	Оқушылар сұраққа жауап беру арқылы, белсенділіктерін танытады	ҚБ Ең тез жауап	Постерлер, стикерлер,
Ой қозғау 5 минут	Тақырыпқа кіріспе : “Миға шабуыл” әдісі: «Сыбайлас жемқорлық» дегенді қалай түсінесіңдер? - Ол қай салаларда кездесуі мүмкін? - Қоғамға қандай зиян келтіреді? Оқушылардың жауаптарын тақтаға жазып, негізгі түсініктерді анықтаймыз.	Сұрақтарға жауап береді Тақырып бойынша өз ойларымен бөліседі	ҚБ «Ең үздік жауап»	Интерактивті тақта
Негізгі бөлім 30 мин	1- Ақпараттық бөлім (5 минут): - Сыбайлас жемқорлық ұғымының анықтамасын беру. - Оның түрлері: парақорлық, қызмет бабын асыра пайдалану, заңсыз сыйақы алу, т.б. - Қоғамдағы теріс әсерлері туралы қысқаша түсіндіру. 2- “Адалдық пен әділдік” топтық жұмысы (10 минут): - Оқушылар 2 топқа бөлінеді.	Мұғалімнің берген ақпараттарын мұқият тыңдау Ойындарға белсенді қатысу	ҚБ «Ең креативті постер»	Интерактивті тақта, презентация а3, маркерлер, түрлі-түсті қарандаштар

	• Әр топқа жағдайлық тапсырма беріледі: • Бір топқа адалдықты насихаттайтын жағымды жағдай талдау. • Екінші топқа сыбайлас жемқорлықтың зиянын көрсететін жағдаят талдау. • Топтар өз ойларын постерге жазып, қорғайды. 3- Пікірталас (5 минут): • “Сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін бе?” тақырыбында қысқаша пікірталас ұйымдастыру. • Әр оқушы өз пікірін дәлелдеуге тырысады. 4- Рөлдік ойын(10 минут): Бірнеше сценарий беріледі : • «Досың емтихандағы бағасын жақсарту үшін мұғалімге ақша беруді ойластырды және сенен кеңес сұрайды». • «Үлкен адам мәселені шешу үшін пара сұрайды». Оқушылардың өз шешімдерін тауып, ұқсас жағдайларда не істейтінін түсіндіру	Өз ойларын ашық білдіру	ҚБ Дұрыс шешім қабылдай алатын	А4, бейнеролик https://youtu.be/Nk-gbB0uWJQ?si=BJ5x3X-yzXr3cN62
Сабақтың соңы	Қорытынды бөлім : Рефлексия: Не білдім? Не көрдім? Не түсіндім? Нені жетілдіруім керек?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгенін жазады	ҚБ «Ең үздік жауап»	стикерлер
Кері байланыс	“Адалдық ағашы” рефлексиясы: Оқушыларға жапырақ бейнесіндегі стикерлер таратылады. Олар адалдық туралы өз ойларын немесе сабақтан алған әсерлерін жазып, “Адалдық ағашына” жапсырады.			Қағаз қиындылары, ағаш стикерлері